**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**«Мирас» университеті**

**Экономика, құқық және ақпараттық технологиялар факультеті**
**"Тарих және құқық" кафедрасы**

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕРДІҢ КАТАЛОГЫ

**5B030100** — **"Құқықтану"**
(шифр) — (мамандығының атауы)

түскен жылы 2017

**Шымкент 2017**

УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ УПРАВЛЕНИЕ
Рег. № 345
Университет "МИРАС"

Элективтік пәндер каталогы Тарих әне құқық  кафедрасының
мәжілісінде талқыланды
Хаттама № 7  06.02.2017 ж.
Кафедра меңгерушісі
э.ғ.к., Бердибекова Г.С.
_______________________________

Элективтік пәндер каталогы Экономика, құқық және ақпараттық
технологиялар
факультетінің кеңесінде  мақұлданды
Хаттама № 8  14.03.2017 ж.
Факультет Әдістемелік кеңесінің төрайымы
Төлеманова А.О.
_____________________

Элективтік пәндер каталогы «Мирас» Университетінің әдістемелік
кеңесінде мақұлданды
Хаттама № 8  24.03.2017 ж.
ОӘБ бастығы
_Игнашова Л.В.___________________________

Элективтік пәндер каталогы «Мирас» Университетінің Ғылыми
кеңесінде бекітілді
Хаттама № 8   31.03.2017 ж.
Университеттің Ғылыми кеңесі хатшы
а.ғ.к.,  Тлегенова К.Б.
_____________________

# Мазмұны

Кіріспе 4
Ұсынбалы А траекториясы. Теория және құқық негіздері 5
Ұсынбалы Б траекториясы. Азаматтық құқық және азаматтық-құқықтық құжаттарды ресімдеу тәжірибесі 6
Ұсынбалы В траекториясы. Қылмыстық құқық 7
Мамандықтың базалық модуль пәндері 8
Мамандықтардың базалық модульдік пәндері 10
Білім беру траекториясының пәндері 13

# Кіріспе

Оқу барысында әрбір студент, оқу нысанына және негізгі біліміне қарамастан, таңдалған мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін алу үшін, міндетті компонент пен таңдау бойынша компоненттерден (элективті пәндер) тұратын, ең аз көлемі - теориялық оқудың 129* кредитін құрайтын білім беру бағдарламасын меңгеруге міндетті.
Міндетті компонент (МК) - студент таңдалған білім беру траекториясына қарамастан міндетті түрде зерделейтін, кредиттердің тиісті көлеміне ие оқу пәндері.
Таңдау бойынша компонент (ТК) - студент, олардың пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде зерделеуге таңдайтын және нақты білім беру траекториясының ерекшелігін көрсететін кредиттердің тиісті көлеміне ие оқу пәндері болып табылады.
Білім беру траекториясы - МК және ТК пәндерінің жиынтығы болып табылады, оларды ойдағыдай зерделеудің нәтижесінде, студент кәсіби қызметтің белгіленген түрлеріне қажетті білімнің, дағдылар мен машықтардың жиынтығына ие болады.
Оқудың кредиттің технологиясы шарттарында әрбір студент эдвайзердің көмегімен өзінің білім беру траекториясын (бағдарламасын) қалыптастырады.
Студенттің оқу траекториясын жан-жақтан икемді және дербес түрде анықтау мүмкіндігін жасау мақсатымен ЭПК - элективті пәндер каталогы жасалды; аталған каталог, білім беру траекторияларын (мамандануларын) ескере отырып, таңдау бойынша компонентке кіретін пәндердің тізбесін білдіреді.
Әрбір пәнде қысқаша мазмұн келтірілген, пәнді зерделеудің мақсаттары мен міндеттері көрсетілген және пәнді зерделеуден күтілетін нәтижелер сипатталған және пәннің кредит түріндегі көлемі көрсетілген.
Білім беру траекториясын қалыптастыру үшін мыналар ұсынылады:
- оқуды тәмамдағаннан кейін кәсіби қызметтің қалаулы саласын анықтау;
- осы қызмет саласы үшін талап етілетін құзыреттерді анықтау;
- осы құзыреттерді қалыптастыратын ТК пәндерін таңдап алу;
- ТК және МК пәндерінің пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, оларды зерделеудің реттілігін анықтау, сондай-ақ оқу семестрлерінің санын және семестрде ұсынылатын орташа жүктемені анықтау (күндізгі оқу нысанының студенттері үшін - 18-21 кредит, сырттай оқу нысанының студенттері үшін - 15-17 кредит, кешкі оқу нысанының студенттері үшін - 12-15 кредит).
Элективті пәндерді тәртіпсіз таңдауға жол бермес үшін, студенттерге, еңбек нарығының қажеттіліктері мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, «Мирас» университетінің мамандары тарапынан әзірленген үш білім беру траекториясы** (А, Б, В) таңдауға ұсынылады.
Білім беру бағдарламасы, таңдалатын білім беру траекториясына қарамастан студент тарапынан зерделенетін міндетті компонент пен таңдау бойынша компоненттің пәндерінен құралған мамандықтың базалық модульдерін, сондай-ақ студент тарапынан мамандықты алу мақсатымен зерделенетін таңдау бойынша компоненттің пәндерінен құралған мамандықтың модульдерін қамтиды.
Жоғары білім мамандығының мамандануы бойынша білім беру бағдарламасын сапалы түрде меңгеру үшін, оқу аяқталғанға дейін таңдалған траекторияны ұстанған жөн.

* Кәсіби тәжірибені, дене шынықтыруды, теориялық пәндерді және қорытынды аттестаттауды өз ішіне алатын, оқудың қосымша түрлерін (ОҚТ) қоспағанда
** Білім беру траекториялары ұсыну сипатына ие болып табылады және студентті жеке білім беру траекториясын қалыптастыру құқығынан айырмайды

# Ұсынылатын траектория А
# Теория және құқық негіздері

Ие болған құзыреттіліктер мен дағдылар:
- қажетті іс-жүргізу құжаттарды рәсімдей және құрастыра білу;
- тиімді кәсіби қатынас үдерістерін ұйымдастыра алу және жүзеге асыра білу - қатынастың әр түрлі қатысушыларымен байланыс орнықтыру;
- сот жарыссөздеріне қатыса алу және жауаб алуды жүргізе білу;
- кәсіби қызметіне байланысты мақсаттарды анықтай алу және міндеттерді қалыптастыра білу;
- азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруда жәрдем беру мен қорғау мақсатында құқықтық көмек көрсетуді білу;
- құқықтану саласында ғылыми зерттеулерді жүргізудің бағдарламалары мен жоспарларын дайындай алу;
- алған білімдерін кәсіби қызметінде пайдалана білу;
- кәсіби қызмет саласына кіретін құқықтық қатынастар мен құқықтық нормаларлы талдай алу;
- кәсіби заң қызметінде алған теорялық білімдерін қолдана білу;
- қолданыстағы заңнаманы сындарлы талдай білу;
-келіссөздер жүргізе білу: клиенттермен келіссөздер жүргізу, сұхбат жүргізу, мәжіліс, сот отырыстарын, жауаб алуды, беттестіруді өткізу;
- негізгі ұғымдарды, заңдар мен теорияларды пайдалана алу, оларды үш тілде: казақша, орысша және ағылшынша - салыстыра білу.

Ықтимал қызмет салалары:
- мемлекеттік қызмет және басқарудың атқарушы және өкілді органдарының, сот қызметі саласындағы құқықтық нормаларды жүзеге асыру;
- адвокатура туралы заң нормаларын қолдану;
- нотариат қызметі арқылы құқықтық қорғауды қолдану;
- сақтандыру компанияларының қызметтерінде сақтандыру заңнамаларын қолдану;
- банк қызметі саласында заңнама нормаларын қолдану;
- құқыққорғау органдары саласында теориялық білімдерін жүзеге асыру (әкімшілік және атқару өндірісінде, тергеу және анықтауда, жедел-іздестіру қызметі аясында);
- прокуратура қызметінде қадағалау функцияларын қолдану;
- қаржы органдарындағы қаржы заңнамалары нормаларын жүзеге асыру;
- әлеуметтік қамсыздандыру органдарында, АХАТ органдары қызметінде әлеуметтік қорғау нормаларын бейімдеу;
- мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындарында заңды көмек берушілердің қызметінде құқықтық нормаларды қолдану;
- салық органдары жүйесінде салық нормаларын жүзеге асыру.

# Ұсынылатын траектория Б
# Азаматтық құқық және азаматтық-құқықтық құжаттарды ресімдеу тәжірибесі

Ие болған құзыреттіліктер мен дағдылар:
- құқықтық қызметтің нақты салаларында нормативтік құқықтық актілерді білікті қолдана білу, кәсіби қызметте материалдық және процессуалдық құқық нормаларын жүзеге асыра білу;
- сындарлы диалог пен көп мәдениетті, көп әдепті және көп конфессионалды қоғамда қатынасуды құруда дағдылар мен икемділіктері, ынтмақтастық жасауға қабілетті болу;
- құқық бұзушылықтарды алдын-алуды жүргізе алу, оларды жасауға ықпалын тигізетін себептер мен жағдайларды анықтай және жоя білу;
- формалды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық және басқа да арнайы танымдық әдістерді қолдана отырып заңи маңызды ақпаратты іздестіре, талдай және өңдей алу;
- сот жарыссөздеріне қатыса алу;
- азаматтық істер бойынша қорғауды ұйымдастыра алу; кәсіби құқықтық қызмет мақсаты үшін мамандандырылған құқықтық жүйелермен (мәліметтер базасы) жұмыс жасай алу;
- құқықтық техника ережелеріне сәйкес құқықтық қорытындылар, арыздар, талаптар, талаптарға пікірлер, шағымдар, жолдаулар, келісім-шарттар мен басқа да құқықтық мәселелер бойынша кеңес бере білу;
- нормативтік құқықтық актілермен, іскерлік айналымның әдет-ғұрыптарымен жұмыс істей білу;
- арыздарды, талаптарды, талаптарға пікір, шағымдар, жолдаулар, келісім-шарттар мен басқа да құқықты жүзеге асыратын актілерді құрастыра білу;
- мемлекеттік органның, кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің шаруашылық пен басқа да қызметін қамтамасыз ету жөнінде құқықтық және шағымдық-талаптық жұмысты жүргізе білу.

Ықтимал қызмет салалары
- мемлекеттік биліктің атқарушы және өкілді органдары, сот органдар қызметі саласында құқықтық нормаларды жүзеге асыру;
- мемлекеттік басқару органдарында қызмет ету;
- сақтандыру ұйымдар қызметінде сақтандыру заңнамасын қолдану;
- банк саласында банктар туралы заңдарды қолдану;
- аудиторлік ұйымдарда, әкімшілік және атқару өндірістер саласында құқықтанудың салалары бойынша теориялық білімдерді жүзеге асыру;
- әкімшіліктер жанындағы тұрғын үй комиссияларымен тұрғын ұй заңнамасының нормаларын қолдану;
- қаржы органдарында қаржы заңнамасының нормаларын жүзеге асыру;
- әлеуметтік қамсыздандыру органдарында, АХАТ органдары қызметінде әлеуметтік қорғау нормаларын бейімдеу;
- нотариат қызметінде әлеуметтік көмек көрсету нормаларын қолдану;
- салық жүйесінде салық нормаларын жүзеге асыру.

# Ұсынылатын траектория В
# Қылмыстық құқық

Ие болған құзыреттіліктер мен дағдылар:
- құқық қорғау қызметінің әр түрлі бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізе алу, шығарылған нәтижелерді сындарлы бағалап тұжырымдар жасай білу;
- шет мемлекеттерінің құқық қорғау және басқа да құзыретті органдарымен ынтымақтастық жасау дағдыларына ие бола білу;
- локалды құқықшығарушылық актілері мен нормативтік құқықтық актілерді құрастыра білу;
- қылмыстардың іздерін кәсіби бекіте алу (фотобекіту, бейнебекіту, саусақ іздерін бекіту);
- әр түрлі кәсіптік қызметті жүзеге асыра білу және оларды құқықтық пен уәсіби этикалық нормалар негізінде басқара алу;
- экспортты-импорттық операцияларды реттейтін нормативтік құжаттарды құрастыра білу;
- ақпараттық жүйелер мен технологияларды пайдалана отырып кедендік бақылауда жатқан тауарларды және олармен жасалатын кедендік операцияларды есепке ала білу;
- құқықтық көмек ұйымдастыра алу және құқықтық қызмет көрсете алу мен құқықтық үгіт-насихатты қамтамасыз ете білу;
- сот сараптамалық қызметін ұйымдастыра және жүзеге асыра білу;
- келісім-шарттардың, сенімхаттардың, бұйрықтардың, үкімдердің құқықтық сараптамасын жүргізе білу;
- мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан келіп түсетін сұраныстар мен жолдаулардың сараптамасын жүргізе білу;
- құқықтық қортындыларды дайындай білу;

Ықтимал қызмет салалары
- мемлекеттік билік пен басқарудың атқарушы мен өкілді органдары, сот органдары қызметі салаларында құқықтық нормаларды жүзеге асыру;
- құқық қорғау органдары (жедел-іздестіру қызметі, алдын-алу және тергеу, әкімшілік және атқару өндірісі) қызметі саласында құқықтану салалары бойынша теориялық білімдерді жүзеге асыру;
- прокуратура қызметінде қадағалау функцияларын қолдану;
- қаржы органдарында қаржы заңнамасының нормаларын жүзеге асыру;
- мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындарының заң кеңесшілерінің қызметінде құқықтық нормаларды қолдану.

## Жалпы модульдің пәндері

| | Пәндер | Пәндердің цикл | кредит саны | | Пәнді оқыту мақсаттары мен міндеттері | қысқаша мазмұны | Пәндерді оқуда күтілетін нәтижелер: | Пререквизиттер | Постреквизиттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | KZT | ECTS | | | | | |
| А | Саясаттану және әлеуметтану | | | | Мақсаты: студенттердің бойында саяси сана мен саяси мәдениет, студенттердің белсенді өмірлік ұстанымын, қоғам алдында әлеуметтік жауапкершілігін, жан дүниесін, қабілетін қалыптастыра отырып Қазақстан Республикасының алдында тұрған міндеттерді шешуде белсенді қатысуға үйрету.<br>Міндеттері: әлеуметтік ғылым саласында білім мен дағдыны қалыптастыру. Әлеуметтік әлем бойынша болашақ мамандардың ғылыми танымын қалыптастыруда меңгерту әдістемесін пайдалану. Әлеуметтік өзара әрекеттестік туралы түсінікті қалыптастыру, олардың даму ерекшеліктері және әлеуметтік институттар, әлеуметтік құрылым және әлеуметтік қатынастар, өзара байланыстар адамның әлеуметтік нақтылығы және олардың әлемдік қоғамдастық даму тенденциялары туралы түсінік қалыптастыру. | Әлеуметтану және саясаттану әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар құрылымында. Әлеуметтану және саясаттану ғылымының негізгі бағыттары. Қоғам, әлеуметтік және саяси жүйе ретінде. Саяси ой тарихи өлшемде. Табиғат билік. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Қазақстандағы саяси жүйені демократияландыру және саяси процесстер. Саясаттану ғылым ретінде. Саяси ғылымның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері. Саяси әлеуметтану. Отбасы әлеуметтануы. Әлеуметтану құрылымында әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жүйесі. Әлеуметтану тарихының негізгі бағыттары. Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде. Әлеуметтік институттар және әлеуметтік үдерістер. Әлеуметтік құрылым және әлеуметтік стратификация. Білім әлеуметтануы экономикалық әлеуметтану. Әдістері мен техникасы, нақты-әлеуметтік зерттеулер. Саяси партиялар және қоғамдық қозғалыстар. Әлемдік саясат және халықаралық қатынастар. Саясат жүйесіндегі қоғамдық өмір. Билік саяси феномен. | Азаматтық ұстанымды танытуға және қоғамдық-саяси белсенділікті арттыруды меңгеру, әр түрлі нысандағы саяси процесстерге қарсы тұруға, әлеуметтік-мәдени, идеялық-саяси және діни айырмашылықтарды ескере отырып жаңа қалыптасқан қоғамға бейімделу. Қоғамдағы болып жатқан саяси процесстерге талдау жасауды игеру. | Қазақстан тарихының мектеп курсы | Саяси және құқықтық ілімдер тарихы |
| Б | Мәдениеттану | ЖБП | 3 | 5 | Мақсаты: өзінің де, өзгенің де мәдениетін білу, түсіну.<br>Міндеттері: Мәдениеттану пәнінің міндеті тарихи-мәдени процессті ғана зерттеп қоймай оны болжау, сондай-ақ даму ерекшеліктерін және басқаруды түсіне білу. Мәдениеттанудың негізі бұл адам бойында қандайда бір қоғамда қалыптасу үшін мәдени-шығармашылық қабылеттердің құрылымының заңдылықтарын ашу болып табылады. Мәдениеттану пәнінің міндеттері мәдениеттану ғылымын неғұрлым терең толық зерттеп, оның мәні, мазмұны, белгілері мен функцияларын анықтау; жалпы мәдениеттін генезисін анықтау (құрылымы мен дамуын), сонымен қатар мәдениеттанудағы жеке құбылыстар мен процесстердің адам өміріндегі рөлін анықтау; мәдениеттануды зерттеудегі әдістердың негізі мен категорияларын анықтау; басқа ғылым салаларымен байланысын анықтау; мәдениеттану туралы зерттеулер; философия, дінтану, өнер және т.б. саладан келген мәдени процесстер мен құбылыстардың негізін, жеке аймақтардағы халықтардың мәдениетін, мәдени танымын зерттеу болып табылады. | Мәдениеттану пәні. Мәдениеттану әлеуметтік гуманитарлық жаратылыстану ғылымдар жүйесіндегі білім. Негізгі мәдениеттану концепциясы. Мәдени-тарихи процесстер және оның негізгі заңдылықтары. Мәдениеттің тарихи типтері. Процесстерге өркениеттік және формациялық әдістер арқылы тарихи мәдени дамудың ерекшеліктері. Алғашқы қауымдық мәдениет және оның ерекшеліктері. Ежелгі Шығыс мәдениеті. Антикалық дәуірдегі ежелгі Грекия және Рим. Ортағасырлық мәдениеттің ерекшеліктері. Қайта өркениет және жаңа қоғамдағы мәдениет. 21 ғасырдағы мәдениеттің тарихы. Қазіргі мәдениет және оның негізгі мәселелері. Қазақ халқы мәдениетінің негізгі ұлттық мәселелері. Қазақ мәдениетінің дара ерекшелігі. Ежелгі заманнан қазіргі күнге дейінгі қазақ халқы мәдениетінің тарихы. Көшпелілік мәдениеттің бір түрі ретінде. Қазақ мәдениетінің тарихи кезеңдеінің даму этаптары. Көпұлтты қазіргі қазақ халқы мәдениетінің мәселелері. | Мәдени-тарихи үдерісті және оның негізгі заңдылықтарын, мәдени тұжырымдама, мәдениеттің тарихи түрлерін, формациялық және өркениеттік тәсілдер процесіндегі мәдени-тарихи дамуды білу. зерттеу процестерін құру және әлемдегі абсолюттік құндылықтарды білу; мәдени нысандар мен феномендердің мазмұнын білу, олардың кеңістікті-уақыттық өзара байланыстағы өзара байланыстарды зерттеу. Мәдениетті қоғамның өзін өзі ұйымдастыру технологияларының бір түрі ретінде зерттеуді меңгеру, мәдени контекст түрлі тарихи құбылыстар, теориялар, әлеуметтік жүйелерді білу. | Өзін-өзі танудың мектеп курсы | Халықаралық шарттар құқығы |
| В | Мәңгілік ел | | | | Мақсаты: жаңа буынды, жоғары деңгейлі әлеуметтік белсенді қоғам мүшелері ұлттық сана-сезімі жоғары, ұлттық рухы, патриоттық сезімі ояу, әлеуметтік сана мен тарихи танымы жоғары, бәсекеге қабілетті және патриоттық рухы мықты, мемлекеттің тәуелсізідігін және мемлекеттік қауіпсіздікті сақтай алатын, басқа ұлттың өкілдерімен қарым қатынас жасай алатын мамандарды тәрбиелеу.<br>Міндеттері: Қазақстан халқының батырлық мысалдары арқылы ұлттық тарихты зерттеу; жастар арасында ұлттық рухты және өзіндік тарихи ойды көтеру; Сәулеттік көздер бойынша туған өлке тарихын зерттеу арқылы ұлттық мәдени құндылықтарды сақтау және көбейту. | Пәннің мәні ұғымдар "тәрбие", "этникалық тәрбие", "ұлттық тәрбие". Болашақ мамандарға ұлттық тәрбие контекстінде ұлттық тәрбие беру. Ұлттық сана-сезімді қалыптастыру, болашақ мамандарды үш құрамдас бөлігі-ұлттық "Мәңгілік Ел"идеясы моделі туралы білімді қалыптастыру. "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясының негізі бұл ұлттық тәрбиенің методологиясы. "Мәңгілік Ел"ұлттық идеясының негізі ұлттық саясат аясындағы Қазақстан Республикасының Президентінің стратегиялық құжаттары болып табылады. "Ұлттық идея", "Ұлттық рух", "Ұлттық идеал". "Ұлттық лидер", "Ұлттық элита" ұғымдарының мәні.Этномәдени және азаматтық түсінігін ұлттық идеялар. Азаматтықжәне этномәдени түсінігіндегі ұлттық идеялар мен ұлттық идеалдың дүниетанымы. Олардың бірлігі мен байланысы. Қазақстанның ұлттық идеясы: келісімнің этникалық сәйкестену мен топтастырылуы. Мәңгілік ел ұлттық идеясы тұрғысынан жаңа қазақстандық азаматтарды патриоттық сезімге баулу және тәрбиелеу. Қазақстандағы «Мәнгілік Ел» ұлттық идеясы философиялық-әдіснамалық негізде. «Мәнгілік Ел» ұлттық идеясы болашақ мамандарды ұлттық тәрбиеде тәрбиелеу. | Болашақ мамандардың бойында ұлттық сана сезім мен қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайларды түсіндіре отырып интеллектуалды дамыған, бәсекеге қабілетті, креативті, дені сау, өзін өзі дамыта алатын дамыған, жаңа қоғамда өз орнын таба алатын, Отанды құрметтейтін қорғайтын жан-жақты тұлғаны тәрбиелеу, оларды өз өзін дамытуға үйрету. | Қазақстан тарихының мектеп курсы | Құқық қорғау органдарының әкімшілік қызметі |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| А | ТҚН, экология және тұрақты даму | | | | Мақсаты: адам мен тіршілік ортасының өзара қарым-қатынасы және қауіпті және өте қауіпті жағдайлардағы негативті факторлардан қорғаудың негіздері  саласында білім мен дағдылды қалыптастыру. Студенттерді адамның мекендеу ортасымымен (өндірістік, тұрмыстық, қалалық) қауіпсіз өзара әрекет негіздерімен, қауіпті және төтенше қауіпті жағдайларда жағымсыз фаторлардан қорғау негіздерімен таныстыру болып табылады, экологиялық танымды қалыптастыру, қоғам мен табиғаттың тұрақты даму негіздері туралы терең білім алу, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың заманауи тәсілдері бойынша теориялық және практикалық білімді қалыптастыру.<br>**М**індеттері – экология, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты дамудың күрделі, әрі өткір мәселелерін талдауда кешенді нысанды және шығармашылақ ойлау қабілетін қалыптастыру, зерделеу және тәжірибелік дағдыларды иемдену жаратылыстану ғылымдары жүйесіндегі орнын анықтау. Мемлекеттің тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ролін білу. Адамдардың қорғау қызметінің эволюциялық дамуы: қауіпсіздік техникасы, еңбек қорғау, қоршаған ортаны қорғау, азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайларда қорғау, тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін, зерделеу және тәжірибелік дағдыларды иемдену. | «Тіршілік қауіпсіздік негіздері, экология және тұрақты даму» пәнінің мақсаты және міндеті. Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі саласындағы заңды және құқықтық актілер. Қазақстан Республикасындағы азаматтық қорғаныстың (АҚ) міндеттері,  құру және жұмыс істеу принциптері. Жеке қорғану құралдары. Радиациялық және химиялық қауіптілік. Жаппай жою каруынан қорғау. Техносфероның және техносфералық қауіптіліктің қазіргі күйі. Қауіпті және зиянды факторларды жіктеу. Адамды және мекендеу ортасын табиғи және техногенді текті зиянды және қауіпті факторлардан қорғау. Әртүрлі сипатты төтенше жағдайларды жіктеу. Төтенше жағдайларда экономика объектілерінің жұмыс істеу тұрақтылығы. Төтенше жағдайларда халықты қорғаудың негізгі принциптерімен тәсілдері. Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздікті ұйымдастырудың практикалық шаралары. Су тасқыны. Су тасқыны жиі болатын аймақтар. Стихиялық апаттарды өрттерде өндірістік объектілердегі апаттарда және жарылыстарда халықты қорғау. Апаттан құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу негіздері. Озон қабатының бұзылуы. Қышқылдық жаңбыр. Парниктік эффекті. Экология және қазіргі өркениет мәселелері. Экология және техникалық прогресс. Ғаламдық экологиялық мәселелер. Ағзалар және тіршілік ету ортасы. Экологиялық факторлар. Экожүйенің функционалдық құрылымы, экологиялық бағыттары. Биосфера және оның тұрақтылығы. Биосфера эволюциясы. Биосфераның құрылымы. Биосферадағы биохимиялық үрдістері. Тірі зат концепциясы. Заманауи биосфера. Ғаламдық биогеохимиялық айналымдар. Заманауи өркениеттің экологиялық дағдарыстары және мәселелері. Тұрақты даму стратегиясы, мақсаты және қағидалары. Тұрақты дамудың экологиялық қағидалары. Экоэнергетика. XXI ғасырдың ғаламдық энегоэкологиялық тұрақты даму стратегиясы.  Су ресурстарын басқару. Су – XXI ғасырдың стратегиялық ресурсы. Қалпына келетін энергия көздері. Тұрақты даму мақсатында ғаламдық ынтымақтастық. Тұрақты дамудың экономикалық аспектілері. Жасыл экономика және тұрақты даму. Қазақстанның қорықтары. Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерді қорғау. | Хабарлы болуы: адамның жұмыска қабілеттілігін, денсаулығын сақтауға кепілділік беретін, оны экстремальды жағдайларда әрекет етуге дайындайтын тиімді кәсіптік қызметтің техника қауіпсіздігіне және адамның қорғалғандығына қойылатын талаптармен үздіксіз бірлігі туралы, табиғат пен  қоғам арасындағы негізгі заңдылықтар;<br>ептілігі болуы: жағымсыз әсерлер параметрлерін бақлау және олардың деңгейлерін бағалау, тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін арттыру бойнша шараларды жоспарлау және жүзеге асыру,  қоршаған ортаға өндірістің техногенді әсерін бағалай білу;<br>дағдыланған болуы: құтқару жұмыстарын жоспарлау және қатысу; жеке қорғаныш құралдарын қолдану зардапшегушілерге дәрігерге дейін көмек көрсету, табиғатты қорғау міндеттерін шешуге байланысты тақырыптарда логикалық пікірталас ұйымдастыру. | Мектептегі биология курсы | Қазақстан Республикасының еңбек құқығы |
| Б | Еңбекті қорғау | ЖБП | 2 | 3 | Мақсаты: Болашақ бакалаврларға қауіпсіз және зиянсыз еңбек жағдайларын жасау мен тіршілік қауіпсіздігі туралы  білім беру.<br>Міндеттері: Өндірістік жабдықтарды орнату және қызмет көрсету кезінде қауіпсіздік шаралары сақталуы; төтенше жағдайларды болжау және сауатты шешім қабылдау, халықтың денсаулығын сақтау  және өндірістік персоналды шаруашылық объектілерде түрлі орын алған аварияларлық зардаптарды, табиғи апаттарды алдын алу, зардаптарын жою кезінде қазіргі заманғы құралдарын пайдалану. Халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігі мәселелерін зерттеуге жүйелі көзқарас көрсету, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нормаларын қамтитын нормативтік құқықтық актілерді қолдануға, сондай-ақ олардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға қабілетін дамыту; жұмыс орнында және өнеркәсіптік процестерде қауіп-қатерді алдын алу және төмендету бойынша іс-шараларды енгізу. | Курстың негізгі міндеттері, мамандарды дайындаудағы рөлі. Еңбекті қорғауды қамтамасыз етудің теориялық негізі. Ұғымдар мен анықтамалар: қауіпті және зиянды өндірістік факторлар. Еңбекті қорғаудың құқықтық және нормативтік негіздері. Қазақстан Республикасының негізгі заңнамалық және нормативтік-техникалық актілері. Еңбекті қорғаудың ұйымдастырушылық негізі. Еңбекті қорғау және денсаулық сақтау, олардың құрылымы мен функциясы саласындағы бақылау және қадағалау органдары. Кәсіпорында еңбекті қорғау, жай-күйін бағалау және талдау әдістері. Еңбек гигиенасы және өнеркәсіптік санитария. Адам ағзасына және жұмыс аймағының ауасындағы шекті рұқсат етілген концентрациялы зиянды заттардың әсері. Өндірістік жабдықтарды орнату және техникалық қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік. Электр қауіпсіздігі негіздері. Өрттің пайда болу себептері мен жіктелуі. Жарылыс нысандары мен жану шарттары. Өрт қауіпсіздігі бойынша өндірістердің жіктелуі. Ғимараттар мен құрылыстардың өртке төзімділігі. | Еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, еңбекті және гигиена бойынша негізгі нормативтік құқықтық және техникалық реттеу, мемлекеттік қадағалау мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қоғамдық бақылау жүйесін; кәсіпорынның, саланың ерекшелігін қауіпті және зиянды өндірістік факторлар еңбек қорғауды ұйымдастыру туралы; өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеу; өндірістік мекемелер мен жұмыс орындарын негізгі талаптары; қауіпті және зиянды факторлардың әсерінен қорғау әдістері; өрт қауіпсіздігі және өртке қарсы құрал-жабдықтар техникалық іс-шаралар туралы білу;<br>жеке және ұжымдық қорғану құралдарын пайдалану мүмкіндігі; кәсіби қызмет саласында травматикалық және зиянды факторларды анықтау және талдау; техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар және табиғи құбылыстар кезінде болжау әзірлемелер мен әсерді бағалау принциптері туралы білім қалыптастыру;<br>-техникалық жабдықтар мен технологиялық процестердің қауіпсіздігін күшейту үшін құралдар мен әдістерін пайдалану мүмкіндігі туралы білу. | Мектептегі биология курсы, Құқық негіздері, Алғашқы әскери дайындық | Мемлекеттік басқарудың теориясы |
| **В** | Саламатты Қазақстан | | | | Мақсаты: еліміздің орнықты әлеуметтік-демографиялық мақсаты дамуын қамтамасыз ету үшін, денсаулығын жақсарту, гигиеналық шараларды сақтау, өмір салтын қалыптастыру.<br>Еліміздің өскелең ұрпақтары студенттерге, медициналық білім қалыптастыру үшін университет медбикелері тарапынан дәріс өткізілуін дәстүрге айналдыру.<br>Міндеттері: тұрғындардың денсаулығын сақтау мәселесі бойынша мемлекеттік саясат ұстанымдарын таныстыру. Саламатты Қазақстан мемлекеттік бағдарламасы аясында еліміздің барлық тұрғындарына салауатты өмір салтын қалыптастыруға үйрету және жалпы денсаулығын сақтауда профилактикалық шараларды сақтауды қамтамасыз ету. | Медициналық-демографиялық жағдай және сырқаттанушылық. Саламатты өмір салты және мінез-құлық факторларына негізделген әлеуметтік мәні бар аурулардың деңгейін төмендету. Дұрыс тамақтану. Мектеп оқушылары мен жасөспірімдердің денсаулығы. Адам денсаулығына қауіпті жаман әдеттер. Тубекулезбен, АИТВ/ЖИТС күресу жолдары. Аса қауіпті инфекциялардың (конго-қырым геморрагиялық қызбасы (бұдан әріҚКГҚ) профилактикасы. Жыныстық қатынастан жұғатын аурулар және профилактикасы. Ерте жүктілік. Кәмелетке толмағандар арасындағы ерте жүктілік. | Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) және тұрғындардың денсаулығын сақтау халықаралық ынтымақтастық қорғау жөніндегі басқа да халықаралық ұйымдардың  жұмыс жасау бағыттарын білу;<br>Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін ұлттық денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыру бағдарламаларының қағидаларын білу;<br>қоғамдық денсаулық сақтау көрсеткіштері және оларды анықтау факторлары,  олардың міндеттері, құрылымы және денсаулық сақтау ұйымдарында талдау сипаттамалары; негізгі принциптері, әдістері және гигиеналық білім беру және халықты оқыту құралдары;, мемлекеттік санитарлық қадағалау қызметі институттарының қызметінің құқықтық жұмысын ұйымдастыру мен мазмұны негіздері, әсіресе басқару, жоспарлау, қаржыландыру мәселелерін игеру.<br>практикалық және ғылыми  зерттеу жұмыстарында да статистикалық әдістерді  қолдана білу;<br>-халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету проблемаларын шешу;<br>қоршаған ортаның жағдайына байланысты денсаулық сақтау жағдайын бағалау үшін әлеуметтік-гигиеналық мониторинг нәтижелерін пайдалану. | Мектептегі биология және өзін-өзі тану курсы | Еңбекті қорғауды құқықтық реттеу |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| А | Жетістік философиясы | | | | Мақсаты: табысты әлеуметтік мінез-құлықтың негізі ретінде әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыру, қаржылық, өмірлік және кәсіби сәттілікке жетуге әсер ететін тұлғалық қасиеттерді дамыту<br>Міндеттері: адамның бәсекеге қабілеттілігінің өсуін ұлттың табыс факторы ретінде қамтамасыз ету<br>нақты мақсаттарға жетуге аса назар аудара отырып, білімге, салауатты өмір салтына және кәсіби табысқа аса назар аудара отырып рационалды өмір сүруді қалыптастыру<br>білім беру мәдениетін қалыптастыру, білімболашақтағы табыстың ең бастапқы факторы екенін түсіну<br>заманауи маманның маңызды қасиеті ретінде компьютерлік сауаттылықты қалыптастыру<br>көшбасшылық қасиеттерді, практикалық қабілеттер мен табысты коммуникация дағдыларын, аналитикалық қабілеттерді қалыптастыру<br>бейімделген кәсіби автоматтандыру, ахуалдық бағдарлау, халықаралық тәжірибені хабарландыру арқылы практикалық дағдыларды көтеру<br>көркем мінез-құлық қабілетін дамыту, оның ішінде қиын өмірлік жағдайларда көркем мінез таныту қабілетін дамыту<br>әрбір адам өзінің жеке салымы және жеке кәсіби қасиеттері бойынша бағаланатын әділетті қоғам тұрғызу туралы түсінік қалыптастыру<br>Ғылыми терминологияны адекватты қолдану білімін, оқу материалын таңдау және құрылымдау, ауызша баяндамалар және презентацияларды дайындау қабілетін қалыптастыру. | Тұлғаның өмірлік табысының стратегиясы. Табысты тұлғаның мінезін моделдеу. Табысты коммуникацияның технологиясы. Конфликтология. Іскерлік хат жазысу. Іскерлік келіссөздер дағдылары. Маманның тұлғасын әртүрлі тіршілік салаларында қалыптастыру. Адам және билік. Тұлға және меншік. Кәсіпкерліктің әлеуметтік-мәдени және технологиялық негіздері. Бизнес-жоспарлау. Өз бюджетін әлеуметтік-экономиклық бірлік ретінде бюджеттеу және жоспарлау дағдылары. Адам ақпараттық-технотронды әлемде. Қызметтік міндеттерді орындау шеңберінде компьютерлеу. Электронды техникамен және ақпараттың негізгі түрлері және деректерді өңдеумен жұмыс жасау | іскерлік қарым-қатынастар ортасында және жалпы адамдық ортада жұмыс жасайтын негізгі философиялық-этикалық принциптер мен нормаларды білу<br>бюджеттеу және бюджетті жоспарлау дағдылары<br>мақсат қою қабілеті, оған жету жолын таңдау қабілеті, кәсіби мәселелерді философиялық-этикалық нормалармен және принцптермен сәйкес шешу қабілеті<br>іскерлік этикет нормаларын меңгеру, сауатты сөйлеуге және хатты баяндаудың стилистикасына ие болу<br>нәтижеге (сапа, жеделдік) жетуге бағытталу, ұйымдастырушылық дағдылары, дұрыс әрі уақытылы құжат алмасуды қамтамасыз ету;<br>Презентабельді образды қалыптастыру<br>ойлау жүйелілігі, мықты сараптамалық қабілеттер<br>Электронды техниканы қолдану және ақпараттың негізгі түрлері және деректерді өңдеумен жұмыс жасаудың практикалық дағдыларын меңгеру, ДК, Outlook, Excel қолдану қабілеті Уақытты жоспарлау және жұмыста басымдықты анықтай білу қабілеті коммуникативтік құзыреттілік және ұжымдық және жобалық-бағытталған ортада жұмыс жасай қабілеті<br>көп міндеттер режимінде еңбек ету қабілеті, әрдайым білім алу және даму, тәжірибе жинауға ынта болуы. | Өзін-өзі танудың мектеп курсы | |
| Б | Психология | ЖБП | 2 | 3 | Мақсаты: барабар ұсыну туралы нысанасы, психологиялық ғылым әдістері және міндеттері және тәжірибені қалыптастыру үшін жағдай жасау, негізгі феноменді, фактілер мен психикасының заңдылықтарын түсіну, классикалық және заманауи психологиялық зерттеу нәтижелерін және заңдылықтарын түсіну. психологияның негізгі әдістерімен бағыттарымен танысу, сонымен қатар заманауи психологияның әртүрлі саласындағыжалпы психологиялық заңдылықтардың әртүрлі трансформациясымен танысу.<br>Міндеттері: адам мінез-құлықы мен ойы және психикасын ғылыми және тұрмыстық көз-қараста салыстыруды меңгеру; психология пәнінің құрылуы мен заман/ дамуымен, негізгі түсініктерімен, мәселелерә және оларды шешу принциптерімен, психикалық даму заңдылықтарымен танысу; адамдық танымдық үрдісті үйренудегі тәсіл мен заңдылықтарды, негізгі фактілерді меңгеру; сезіну, қабылдау, ойлау, ест сақтау, көңіл мен қиялдық зерттеулерді эксперименттік және қолданбалық түрде қарастыру; адамның қабілетін, темперамент және сипаттық ішкі (эмоционалдық және ерік) реттеу қызметін және жекеше ерекшеліктерін білу. | Психология пәні мен әдістері.Психология іс-әрекеті және көрсету түсінігі. Жануарладрдың мінез-құлықы және психикасы. Табиғат және адамның мәні. Адам психикасының ерекшелігі. Көрсетілу деңгейі. Саналы және саналы емес түрдегі психикалық процестер. Қазіргі заманғы психология құрылымы. Субъект ретінде адамның қызметі. Қажеттіліктер, мотивтер, эмоциялар, ерік-жігер. Іс-әрекет қажеттіліктері мен себептері. Эмоционалдық процестер. Іс-әрекеттің ерікті реттелуі. Жеке тұлға психологиясы.Тұлға жайындағы жалпы түсінік. Қабілеттілік психологиясы. Темперамент. Сипаты. Субъект ретінде адамды тану. Адамның танымдық процестері. Назар аудару және есте сақтау. Адамның танымдық саладағы жалпы сипаттамасы. Түйсік және қабылдау. Ойлау және сөйлеу. Есте сақтау.Назар аудару. Қиял. | Ғылым жүйесіндегі психологияның орны, психология міндеттері мен әдістері, пән туралы түсінік; психикалық құбылыстар мен процестер, ұғымдық аппараты, негізгі фактілер, психологиялық заңдар мен теориялар білуге оқытылатын: пайда болуы туралы және эволюцияда психика дамуының, қызметін дамыту мен адам психикасын әлеуметтік мән ретінде оқыту; психологиядан ғылыми жұмыстарды бағдарлай және талдай білу; көптеген психологиялық тақырыптарда пікір таластар өткізу, психологиядан баяндамалар мен рефераттар дайындау; психология саласында қызықтыратын тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерді іздеу дағдысын меңгеру; әртүрлі міндеттерді топтық шешуде, дөңгелек үстел және пікр таластарға қатысуға тәжірибесі болуы тиіс. | Өзін-өзі танудың мектеп курсы | Корпоративтік құқық: тәжірибе және қолдану тәжірибесі |
| **В** | Медиация негіздері | | | | Мақсаты: Жан-жалдық жағдайда адамдармен тіл табысуды қалыптастыру дағдылары.<br>Міндеттері: студенттерде жан-жалда ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуға, дайындығын қалыптастыру; дауларды (жанжалдарды) шешудің тиімді тәсілдерін қалыптастыру; студенттік қоғамдастықта профессорлық-оқытушылар құрамымен және өзара жан-жалдық қарым-қатынасты қалыптастыру. | Әлеуметтік педагогика білім саласы ретінде. Әлеуметтік педагогиканың концептуалды идеялары мен принциптері. Әлеуметтік-педагогикалық процесс және оны дамыту жолдары. Адамды әлеуметтік дамыту ерекшеліктері. Әлеуметтік тәрбиелеу: мәні және мазмұны. Отбасы тәрбиенің әлеуметтік-мәдени ортасы және тұлғаны дамыту. Оқу-тәрбие мекемелері өскелең жас ұрпақты әлеуметтанудыру институты ретінде. Балалар субмәдениеті және балалардың әлеуметтік-мәдени әлемі. Әлеуметтік ауытқау, олардың себептері және жеңу жолдары. Қиын тәрбиеленетін балар, мәні, себептері, мәселері. Әлеуметтік-педагогикалық қызмет процесс ретінде. Тұлғамен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың әдістемесі және технологиясы. Отбасымен леуметтік-педагогикалық жұмыстың әдістемесі және технологиясы. Баланың әлеуметтік-педагогикалық құқықтарын қорғаудың технологиясы. | Ұғыну керек:<br>медиация рәсімін және басқа да баламалы рәсімдерді дауларды шешу принциптерді жүзеге асыру қолжетімділігінің рөлі туралы;<br>қақтығысты (жан-жалды) шешудегі медиациялық тәсілдің ерекшеліктері; жан-жалдың медиалылығы, жан-жал динамикасы, қақтығыс жағдайда тұлғаның мінез-құлық стратегиясын;<br>білу керек медиацияны қолдану және өткізуді;<br>екі жақты келісім, медиациялық рәсімді реттеу;<br>медиация рәсімінің түрі мен этаптары, медиациялық сессияға қатысушылардың мінез-құлық динамикасын. | Өзін-өзі танудың мектеп курсы | Меншік құқығы мен өзге де заттық құқықтарды қорғау құқықтық реттеу практикалық аспектілері |

| Мамандықтың базалық модульдің пәндері | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Пәндер** | **Пәндердің циклі** | **кредит саны** | | **Пәнді оқыту мақсаттары мен міндеттері** | **қысқаша мазмұны** | **Пәндерді оқуда күтілетін нәтижелер:** | **Пререквизиттер** | **Постреквизитар** |
| | | | **KZT** | **ECTS** | | | | | |
| А | Шет елдерінің мемлекет және құқық тарихы | | | | Пәнді оқыту мақсаттары: шетелдердің тарихи тәжірибесі негізінде мемлекетке дейінгі кезеңдегі, сондай -ақ мемлекеттік ұйымдастырылған қоғамдағы құқықтың даму логикасын түсіну.<br>Пәнді оқытудың міндеттері: құқықты өркениеттің ежелгі феномені ретінде зерттеу, әлемдік өркениеттің қазіргі кезеңінде шет елдердің мемлекет және құқық тарихының ролінің жетілуін зерттеу. | Пәннің қысқаша мазмұны: ежелгі Шығыс елдеріндңгі мемлекет пен құқық (ежелгі шығыс өркениеттері): Мысыр, Вавилон, Үнді, Қытай. Антикалық өркениеттер және антикалық мемлекеттер: Ежелгі Греция және Ежелгі Рим. Рим құқығының тарихы.Батыс және Шығыс ортағасыр өркениетінің дамуының екі жолы. Европа елдеріндегі феодальдық мемлекет және құқық. (Англия, Франция, Германия және т. б.). Католик шіркеуінің және христиандықтың ролі. Шығыстың ортағасыр мемлекеттері: Ислам әлемі және Араб халифаты,Үнді, Жапон, Қытай. Мұсылман құқығы. Буржуазиялық мемлекет пен құқықтың пайда болуы мен дамуы (Англия, АҚШ, Франция, Германия және т. б.). Англосаксондық және континентальді құқық жүйесінің қалыптасуы.Жаңа заман мемлекеті мен құқығы (АҚШ,Ұлыбритания, Франция, Германия және т.б.). Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европа, Америка, Азия және Африка елдеріндегі мемлекет пен құқық. XX ғ.шет елдердегі мемлекет пен құқықтың дамуының негізгі үрдістері. | буржуазиялық мемлекет пен құқықтарының (Англия,АҚШ, Фран¬ция, Германия) пайда болуы мен дамуының ерекше белгілерін және жалпы үдерістерін білу, Орталық және Оңтүстік-Шығыс Европа, Америка, Азия және Африка елдерінің мемлекеттік-құқықтық тарихының ерекшелігін және жалпы заңдылықтарын білу | Дүниежүзілік тарихтың мектептегі курсы | Халықаралық көпшілік құқығы |
| Б | Салыстырмалы құқықтану | БП | 3 | 5 | Пәнді оқыту мақсаттары: негізгі құқық жүйесі туралы жүйеленген білімді, әр түрлі мемлекеттердің конституциялық ерекшелігін зерттеу, ТМД елерінің құқықтық реттелуіне салыстырмалы сараптама жасау.<br>Пәнді оқытудың міндеттері: жеке құқық салалары мен жеке мемлекеттердің құқықтық жүйесін кешенді зерттеу,барлық құқық жүйесін слыстырмалы түрде сараптау. | Пәннің қысқаша мазмұны: Салыстырмалы құқықтанудың методологиясы. Салыстырмалы құқықтанудың қызметтері.Қазіргі қоғамның құқық жүйелерін танудың деңгейлері, олардың даму заңдылықтары. Салыстырмалы құқықтану идеяларының қалыптасуы мен дамуы.Ұлттық заңдар мен құқықтық жүйелерді зерттеу дәстүрі. Салыстырмалы құқықтану ғылымының дамуы. Ұлттық құқықтық жүйелерді өзара әсерлестіру және ұштастыру механизмі. | өзбетінше әртүрлі құқықтық жүйелерді бағдарлап пайымдай алады; шетелдік заң актілеріне тәуелсіз мониторинг жүргізу, оқыту барысында алынған әдіснамалық негіздерді пайдалана білу; құқықтық жағдайларды шешу кезінде алынған теориялық білімдерді қолдану білу. | Құқық негіздері мектеп курсынан | Шетелдердегі және Қазақстан Республикасындағы коммерциялық қызметті құқықтық реттеу |
| В | Мемлекеттік басқару тарихы | | | | Пәнді оқыту мақсаттары: мемлекеттік басқарудың ғылыми тарихи негіздерін, мемлекеттік аппараттың құрылымы мен жұмыс Пәнді оқытудың міндеттері: мемлекетті басқару және мемлекеттік қызметті ұйымдастыру мәселесі бойынша фундаментальді және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу. | Пәннің қысқаша мазмұны: мемлекеттің пайда болуы, маңызы мен негізгі сипаты.мемлекеттің пайда болуы туралы теориялардың негізгн бағыттары және оның басқару билігі, мемлекеттік құрылымы мен сяси тәртібі нысандары типологиясы. Мемлекеттік құрылыстғы унитарлық и федеративтік. Басқарудың президенттік және парламенттік нысандары. Монархия, аристократия және демократияның ерекшеліктері мен мәні. Мемлекетті басқарудың объективті қажеттілігі. Басқару жүйесі қоғамдық-экономикалық дамудың институты ретінде. | негізгі басты ұғымдарды, экономиканың мәселелерін және заңдылықтарын біледі, мемлекеттік билік саласында нормативтік құжаттармен, әдебиеттермен, статистикалық мәліметтермен жұмыс істей алады,абстракті ойлау қаблетін игерген; | Құқық негіздері мектеп курсынан | Халықаралық құқық және геосаясат |
| А | Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы | | | | Пәнді оқыту мақсаттары: Қазақстан мемлекеті мен құқығының пайда болуы, қалыптасуы және даму тарихы жөнінде толық көзқарастар туралы білім алу.<br>Пәнді оқытудың міндеттері: Қазақстан жерінде ежелгі кезден қазіргі заманға дейінгі мемлекет пен құқық жүйелерінің барлық нысандарын, типтерін хронологиялық тәртіпте зерттеу. | Пәннің қысқаша мазмұны: Қазақстанның мемлекет және құқығы ғылымының басқа ғылым арасындағы орны және ролі.ҚР жеріндегі алғашқы мемлекеттік құрылымдардың пайда болуы мен дамуы.Қазақстан аумағыгдағы ерте феодальдық монархияларШынғыс хан империи\ясы және Қазақстан жеріндегі мемлекеттік құрылымдарҚазақ Ордасының құрылуы мен дамуы. Казахстан Ресей империясының құрамында. Кеңестік Қазақстан мемлекеті мен құқығы. 1950-1990жж. Қазақстанның мемлекеттік -құқықтық дамуы | ҚР мемлекеті мен құқығының трихын білу, ҚР-дағы мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың эволюциясының жалпы және ерекше заңдылықтарын білу; көшпенді өркениеттің ерекшелігін еске ала отырып мемлекет пен құқықтың даму заңдылықтарын сараптай алады. | Қазақстан тарихының мектептегі курсы | Саяси және құқықтық ілімдер тарихы |
| Б | Қазақстандағы құқықтану ілімінің тарихы | БП | 3 | 5 | Пәнді оқыту мақсаттары: Белгілі бір тарихи кезеңдерге байланысты Қазақстандағы құқықтық ойлардың тарихы жөнінде ғылыми негізі, әдістері және қағидалары туралы көзқарастардың кешенді жүйесін меңгеру және оның өзектілігін анықтау.<br>Пәнді оқытудың міндеттері: Қазақстан Республикасындағы саяси-құқықтық көзқарастардың, ілімдердің идеялардың негізгі бағыттарын анықтауҚазақстан Республикасындағы саяси-құқықтық ілімдердің негізінде Қазақстан ғалымдарының ғылыми зерттеулері жөнінде білімді тереңдету. | Пәннің қысқаша мазмұны: Казахстан саяси ұйымдастырушылық жағдайында дамыйды. Мемлекет пен құқық бастан бас саяси күрестің эпицентрі Қазақстанның қазіргі идеялары мен қоғамның саяи-құқықтық рецептері мен үлгілерін саяси-құқықтық талдау жасағанда ғана емес ,сонымен бірге өткендегінің ілімдері мен жобаларын сараптағанда нағыз идеологиялық ғылыми-тәжірибелік күрес жүріп жатады.Оны белгілі бір өркениетті деңгейге келтіру үшін саяси ілімдердің тарихын туралы білімді тереңдету қажет,айталық, Қазақстан Республикасындағы саяси-құқықтық ілімдер мен көзқарастарды. | теориялық алған білімін болашақ кәсіби қызметінде пайдалана алады. Қазақстандағы саяси және құқықтық доктриналардың негізінде қазақстандық ғалымдардың ғылыми зерттеулерін талдау мүмкіндігі; заманауи құқықтық жүйеде белгілі бір жүйелі өзгерістерді тиісті қабылдау үшін еліміздің саяси өміріне қызығушылықты сақтауға және бағыттауға; | Қазақстан тарихының мектептегі курсы | Халықаралық шарттар құқығы |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| В | Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты | | | | Пәнді оқыту мақсаттары: Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты жөнінде, құқықтық саясаттың қалыптасуы мен дамуы туралы біртұтас жан-жақты көзқарастарды зерттеу.<br>Пәнді оқытудың міндеттері: мемлекеттік басқару шеңберіндегі билік органдарының қызметін ұйымдастыру және оны реттейтін заңдылықтар туралы білімді түсіну | Пәннің қысқаша мазмұны: Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты: мазмұны мен ерекшелігі. Саяси және құқықтық жүйені жетілдіру. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының даму үрдістері. Құқықтық әсер етудің тиімділігі. Құқықты қолдану; ұғымы мен негізгі бағыттары.Заңдарды жетілдіру. Қазақстандағы реформаны жалғастыру құралы ретінде. Адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық тәсілдері.Конституция Қазақстан Республикасында құқықтық саясатты жүргізудің фундаменальдық негізі ретінде .Құқықтық реттеушіліктегі кемшіліктердің орнын толтыру және оны өте маңызды қоғамдық қатынастардың шеңберінде тереңдету.Құқықтық саясаттағы реформаларды әлеуметтік-экономиклық және саяси бағыттармен келістіру. Сайлау заңдылықтарын жетілдіру.Азаматтық қоғам институттарын нығайту. | алынған теориялық білімін,тәжірибелік іскерлігі мен дағдысын болашақта кәсіптік қызметінде пайдалана алады . мемлекет пен заңның даму тенденцияларын талдай білу, табу және пайдалану болашақ кәсіби міндеттерді шешу үшін қажетті ақпарат; құқықтық мәселелерді, сондай-ақ оларды жеңу жолдарын талдай білу. | Құқық негіздері мектеп курсынан | Құқық қорғау органдарының әкімшілік қызметі |
| А | Рим құқығы | | | | Пәнді оқыту мақсаттары: римдік құлиеленушілік мемлекеттің құқықтық жүйесі туралы түсінік алу.<br>Пәнді оқытудың міндеттері: рим құқығының теориялық негізін ұғынып алу, рим құқығы нормаларын талқылауда дағдыларды нығайту. | Пәннің қысқаша мазмұны: Римдік азаматтық құқықтың пәні; римдік азаматтық құқықтың негізгі жүйесі. Рим құқығының қайнар көздері, түсінігі және талап арыздардың түрлері. Рим жеке құқығының субъектілері. Заңды тұлғалар. Неке отбасы құқықтық қатынастар. Ерлі зайыптылардың құқықтық қатынастары. Ерлі зайыптылардың мүліктік қатынастары. Әкелік билік. Меншік құқығы; иелену. Меншік құқығының құрғау; бөтен мүлікке құқық; эмфитевзис и суперфициялар. Кепіл және оның нысандары. Міндеттемелер мен келісім шарттар туралы жалпы ілім. Борышкердің жауаптылығы. Міндеттемелердің тоқтатылуы. Ынталандыру: келісім шарттар мен пактылар. Сатып-алу сату. Эвикция; жалдау шарты және оның түрлері. Серіктестіктер келісім шарттар. Тапсырма шарты. Атаусыз контрактілер. Міндеттемелер келісім шарттарынан. Міндеттемелер құқық бұзушылықтарынан. Мұрагерліктің түрлері және түсінгігі. Заң бойынша, өсиет бойынша мұрагерлік. | Негізгі құқықтық институттардың пайда болуы мен олардың өзгеруіне әсерететін Ежелгі Римнің мемлкеттік тарихи дамуының жағдайлары мен оқиғаларын анықтай білу; рим құқығының ескерткіштерін талдай білу; нормативтік-құқықтық материалдарды қолдана отырып, тәжірибелік тапсырмаларды шеше білу. | Мемлекет және құқық теориясы | Саяси және құқықтық ілімдер тарихы |
| Б | Халықаралық құқық және халықаралық қатынастар тарихы | БП | 3 | 5 | Пәнді оқыту мақсаттары: пәннің ғылыми-теориялық негіздерін кәсіби түсінуін, дамуын және пайда болуын оқып үйрену.<br>Пәнді оқытудың міндеттері: халықаралық қатынастардың және халықаралық құқықтың қатынасы туралы білімді, халықаралық құқықтың негізгі дәлелдеусіз қабылданатын негізгі пікірлерін, оның әртүрлі халықаралық-құқықтық механизмне әсер етуін оқып үйрену. | Пәннің қысқаша мазмұны: Халықаралық құқық және халықаралық қатынастар. Халықаралық құқық пен халықаралық қатынастардың байланысы. Халықаралық шарттар мен қатынастар. Ежелгі Әлемнің халықаралық қатынастар негізіндегі халықаралық құқықтың пайда болу тарихы. Орта ғасырлардағы халықаралық құқықтың дамуы және жеделдетуі. Классикалық халықаралық құқық. Халықаралық құқықтың классикалық құқықтан қазіргі заман халықаралық құққыққа өтуі. Қазіргі заманғы халықаралық құқықтың түсінігі. Қазіргі заманғы халықаралық құқықтың негізгі мазмұны: түсінігі, объектісі, қызметі. Халықаралық қатынастардың реттелуіндегі халықаралық құқықтың рөлі. | Болашақ кәсіби қызметте тәжірибелік дағдыларды және теориялық алынған білімдерді қолдана білу. халықаралық құқық ғылымының ұғымдары мен санаттарымен жұмыс жасай білу; Қазіргі кезеңдегі халықаралық құқықтың қазіргі проблемаларын анықтау қабілетілігі. | Мемлекет және құқық теориясы | Халықаралық шарттар құқығы |
